



17.12.2024ж. Жамбыл жоғары медициналық колледжінде «Мейірім» үйірмесі «Жоғарғы жүйке қызметі адам ағзасындағы күрделі психикалық іс-әрекеттер» тақырыбында оның ішінде «Инсульт. Инсульттен кейінгі оңалту және оның алдын-алу» тақырыбында ашық үйірме отырысы өткізілді. Үйірме

отырысының мақсаты: студенттерге «Инсульт» ауруының этиопатогенезін, жіктелуін, негізгі клиникалық белгілері, диагностикасын, емдеу принциптерін, алдын алу және оңалту шараларын таныстыру.

- Жамбыл облысы және Тараз қаласы бойынша инсультпен ауырған пациенттермен, жасөспірімдер арасындағы статистикалық көрсеткіштері бойынша жалпы мәліметтер беру.

- Инсультпен ауырған пациенттерге мейіргерлік күтім жүргізу.

- Ғылыми зерттеу жұмыстарын дамыту және ізденушілікке баулу және клиникалық ойлау қабілеттерін дамыту.

- Теориялық білімдерін және тәжірибелік дағдыларын ұштастыруды дамыту.

- Салауатты өмір салты мен адам денсаулығы арасындағы байланыс жайында ғылыми көзқарасын қалыптастыру. «Мейірім» үйірмесінің жетекшісі: Бейсенбек Ш.Ж.

Қатысқан топтар: 141 ҚБМ-11/24, 214 ЕФ-9/23, 417ЕФ-9/22.



5 | ТӘРБИЕ САҒАТЫ



03.12.2024ж. Жамбыл жоғары медициналық колледжінде дене тәрбиесі және салауатты өмір салтын қалыптастыру бағыты бойынша Ікурс «Емдеу ісі» 118 ЕФ-9/24 топ студенттерімен, Халықаралық темекі шегуден бас тарту күніне орай «Біз темекі түтініне қарсымыз!» тақырыбындағы дөңгелек

үстел өткізілді.

Мақсаты: Қазақстандық мәдениет құндылықтары негізінде азаматтық жауапкершілік пен патриотизм, парасаттылық пен адалдық, ар - ұждан, рухани-адамгершілік қасиеттерін бойына сіңірген, үйлесімді дамыған тұлға қалыптастыру.

Жауапты: №2 Жалпы білім беру және жалпы ізгілендіру пәндерінің оқытушылары.

09.12.2024 ж. 1 курс «Мейіргер ісі» бөлімінің 143 ҚБ-11/24 топ студенттерімен кураторы: Нурланқызы С. «Судың маңызы және оны қорғау» тақырыбында тәрбие сағаты өткізілді.



Мақсаты: студенттерге судың табиғаттағы және адам өміріндегі маңызын түсіндіру, оның тіршілік көзі ретінде мәнін көрсету. Су ресурстарын тиімді пайдалану мен қорғаудың жолдары туралы білім беру. Студенттердің суға қатысты жауапкершіліктерін арттыру. Табиғат қорғаушы ретінде жастардың санасын

қалыптастыру, экологиялық тәрбие беру.

6 | ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ АПТАЛЫҚ

17.12.2024 ж. Тәрбие бөлімінің ұйымдастыруымен «Өзің жанып, басқаларға жарық шаш» атты психологиялық апталықтың ашылу салтанаты өтті. Акция барысында колледж студенттерін, колледж қызметкерлерін көңілді әсем әуенмен қарсы алып, «Көңілді фотоколлаж», «Армандар орындалатын мекен», «Тілектер қалтасы» атты көңілді шаралармен қарсы алып, жағымды атмосфера қалыптастырды.

Жауаптылар: колледж психологтары.



19.12.2024 ж. «Ең жақсы тәртіп мектебі бұл – Отбасы» тақырыбында Ікурс студенттерімен жиналыс өткізілді. Жауаптылар: Оскенбаева А.Н, Мұхамодиева Н.Е, Сүйінбекұлы К. Сондай ақ, 20.12.2024 ж. “Мен ғажаппын” тақырыбында студенттерге арналған тренинг өткізілді.

Жауапты: К. Сүйінбекұлы.

20.12.2024 ж. Психологиялық апталық аясында «Жетістікке жетудің кілті – өз қолыңда» атты студенттермен психологиялық тренинг өткізілді. Жауапты: Мұхамодиева Н.Е.

20.12.2024 ж. Тәрбие бөлімінің ұйымдастыруымен, «Өзің жанып, басқаларға жарық шаш» атты психологиялық апталықтың аясында «Жақсыдан үйрен, жаманнан жирен!» тақырыбында кездесу өткізілді. Кездесу қонақтары 123,124ЛФ-9/24 студенттерінің ата-аналары және Жамбыл облысының полиция подполковнигі, әйелдерді зорлық-зомбылықтан қорғау жөніндегі аға инспекторы – Кенжеханова Д.А., қылмыстық атқару жүйесі департаментінің аға инспекторы, кадр психологы – Дмитриенко А.А. және ата аналар комитетінің мүшесі – Искадаров Р.Ж. Кездесу барысында қазіргі қоғамның басты дерттері құмар ойындар мен жеке тұлғаның өміріне қауіп төндіретін жағымсыз әдеттерге әуес болу, буллинг-кибербуллинг және құқық бұзушылықтың салдары, көзделген жауапкершілік туралы түсіндіріліп, жан-жақты ақпарат берілді. Жауапты: әлеуметтік педагог А.А.Буксукбаева.



КОЛЛЕДЖ ТЫНЫСЫ

АШЫҚ САБАҚ

Колледж оқытушыларының желтоқсан айында өткізген ашық сабақтары.

01

«ТӘУЕЛСІЗДІК - ТЕНДЕСІ ЖОҚ БАЙЛЫҒЫМ!» АТТЫ АПТАЛЫҚ

№1 әлеуметтік-экономикалық, жалпы білім беру және жалпы ізгілендіру пәндері ЦӘК оқытушылары өткізген апталық.

02

«ЕЛ ЕРТЕҢІ - БІЛІМДІ ҰРПАҚ» ОБЛЫСТЫҚ ИНТЕЛЕКТУАЛДЫҚ ОЙЫНЫ

03

ҮЙІРМЕЖҰМЫСЫ

«Инсульт. Инсульттен кейінгі оңалту және оның алдын-алу» тақырыбында ашық үйірме отырысы өткізілді.

04

ТӘРБИЕ САҒАТЫ

Колледжде өткізілген тәрбие сағаттары.

05

«ӨЗІҢ ЖАНЫП, БАСҚАЛАРҒА ЖАРЫҚ ШАШ» АТТЫ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ АПТАЛЫҚ

06

«ҚОШ КЕЛДІҢ, ЖАҢА ЖЫЛ!»

Колледж қызметкерлерінің балаларына арналған «Қош келдің, Жаңа жыл!» атты мерекелік іс-шара ұйымдастырылып өткізілді.

07

КОЛЛЕДЖ ЖЕТІСТІКТЕРІ!

«Ел ертеңі – білімді ұрпақ» облыстық интеллектуалдық ойынына 104 топ студенті Ханай Еркеназ қатысып, жүлделі І орын иеленді.

09



КОЛЛЕДЖ ЖЕТІСТІКТЕРІ!

Колледж оқытушысы Тоқташева Жаннат Абзелбековна «Өз кәсібінің үздігі» конкурсына қатысып, І кезеңінің жеңімпазы, «Үздік медицина колледжі оқытушысы» номинация иегері атанды.

08





1 | АШЫҚ САБАҚ



04.12.2024 ж. №2 Жалпы кәсіптік пәндер циклдық әдістемелік комиссиясының оқытушысы Әтібек А.Б. 223 ЕФ-9/23 «Емдеу ісі», «Фельдшер» тобымен «Латын тілі» пәнінен «Рецептің құрылымы» тақырыбында сынамалы ашық сабақ өткізді.


Сабақтың мақсаты:

Студенттерге латын тілінің грамматикалық ерекшеліктерімен, рецепт жазу құрылымын, рецепт жазуда қолданылатын естік формаларын және латын тіліндегі рецептурада қолданылатын терминдер мен қысқартылған сөздерді түсіндіру.



10.12.2024 ж. №1 әлеуметтік-экономикалық, жалпы білім беру және жалпы ізгілендіру пәндері циклдық әдістемелік комиссиясының оқытушысы А.Т. Рахметлдаева 217 Е/Ф-9/23 тобымен Қазақстан тарихы пәнінен «1916 жылғы ұлт-азаттық азаттық қозғалыс» тақырыбында ашық сабақ өткізді.

Мақсаты: 1916 ж ұлт-азаттық қозғалыстың отаршылдыққа қарсы сипатын түсіндіріп, қозғалыстың себептері және басталуы, қазақ демократтарының саяси көзқарастарын көрсету, ірі орталықтары, қозғалыстың жеңілу себептері және тарихи маңызын, қазақ қоғамының түрлі топтарының наразылығының жалпы ұлттық идеяға ұласқанын ашып көрсету және түсіндіру.



Сабақтың мақсаты:

Жұмыс оқу бағдарламасы бойынша берілген мәтіндегі негізгі ойларды түсіндіру, таныс емес сөздермен жұмыс жасау. Әртүрлі күрделі сын есімдерді, салыстырмалы құрылымдарды және күшейтпелі сын есімдердің сөйлемде қолданылуын үйрету.



26.12.24ж. №2 Жалпы білім беру және жаратылыстану ғылыми пәндері циклдық әдістемелік комиссиясының оқытушысы С.М. Реймбаева «Мейіргер ісі» бөлімінің 109СД-9/24

тобымен «Қаныққан көмірсутектер» тақырыбында ашық сабақ өткізді.

Сабақтың мақсаты: алканның жану өнімдерін атайды және олардың қоршаған ортаға әсерін бағалайды. Жану өнімдері бойынша заттың молекулалық формуласын анықтайды. Элементтердің массалық үлесі және олардың буының салыстырмалы тығыздығы бойынша органикалық заттардың қарапайым және молекулалық формулаларын табылуы.

26.12.2024ж. Жамбыл жоғары медициналық колледжінің №1 Жалпы кәсіптік пәндер циклдық әдістемелік комиссиясының оқытушысы

А.А. Аманбекова «Мейіргер ісі» бөлімінің 202М-09/23 тобымен «Генетика мен медициналық биология» пәнінен «Медициналық генетика негіздері. Гендік және хромосомалық аурулар» тақырыбы бойынша ашық сабақ өткізді.

Сабақтың мақсаты: Студенттерге медициналық генетиканың негіздерін, гендік және хромосомалық аурулардың түрлерін, олардың пайда болу себептерін, клиникалық белгілерін және диагностикасын түсіндіру.



2 | АПТАЛЫҚ

17.12.2024 ж. №2 жалпы білім беру және жалпы ізгілендіру пәндері циклдық әдістемелік комиссиясының оқытушысы Кенбаева Н.М. «Шет тілі» пәні бойынша «Емдеу ісі», 120 ЕФ-9/24 топ студенттерімен «Degrees of Comparison of Adjectives, Buildings» тақырыбында ашық сабақ өткізді. Сабақ жақсы деңгейде өткізілді.

Жамбыл жоғары медициналық колледжінде №1 әлеуметтік-экономикалық, жалпы білім беру және жалпы ізгілендіру пәндері циклдық әдістемелік комиссиясы оқытушыларының ұйымдастыруымен Қазақстан Республикасы

Тәуелсіздігіне 33 жыл және Жамбыл облысына 85 жыл толуына орай «Тәуелсіздік - теңдесі жоқ байлығым!» атты апталықтың ашылуы өтті. Апталық ашылуында «Тұлғаны тану» ойыны ойнатылып, дұрыс жауап берілгендерге сыйлықтар берілді.



Апталықтың мақсаты: Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 33 жылдығын насихаттау, бейбітшілік пен татулықтың маңызын жасөспірімдер санасына сіңіру. Студенттердің бойында Қазақстанның өткені мен бүгінгі өмірін салыстыра отырып, өз елінің даму тарихы туралы танымдарын қалыптастыру; ұлттық сана сезімін, саяси сауаттылығын ояту.

Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігіне 33 жыл толуына орай «Тәуелсіздік – ең басты игілік, баға жетпес құндылық» тақырыбында кездесу өтті. Тәуелсіз Еліміздің тарихын айтуға арнайы М.Х. Дулати атындағы Тараз университеті «Тарих» кафедрасының меңгерушісі, тарих ғылымдарының кандидаты, доцент Серікбаев Ермекбай Қойбекұлы шақыртылды. Ермекбай Қойбекұлы кездесуде көтерген тың мәліметтермен бөлісті. Кездесу соңында студент жастар сұрақтарын қойып, Ғалым ағамыз студенттердің сұрақтарына ауқымды жауап берді.

Кездесу мақсаты: студенттердің өткен тарихымызға деген ұлттық көзқарастарын қалыптастыру, Қазақстан халқының 33 жылда жеткен жетістіктері, бағындырған белестері, алған асулары туралы ой қозғау.

Жауапты: Жантохова Г.Н. және «Мейіргер ісі» 205 топ студенттері.

3 | «ЕЛЕРТЕҢІ-БІЛІМДІ ҰРПАҚ» облыстық интеллектуалдық ойын



«Қазақстан тарихы» пәнінен «Ел ертеңі – білімді ұрпақ» облыстық интеллектуалдық ойыны өтті.

Облыстық интеллектуалдық ойынның қазылар алқасы: М.Х. Дулати атындағы Тараз мемлекеттік университеті «Білім берудегі тарих және география» кафедрасының доценті, тарих ғылымдарының кандидаты Джурсунбаев Бахытжан Абсаматович және «Тарих» кафедрасының аға оқытушысы Көбесова Акнур Смайлқызы.

Облыстық интеллектуалдық ойын нәтижесі:

Диплом I-ші орын: Ханай Еркеназ.

Диплом II-ші орын: Саргулова Динара, Байдос Назгул.



Диплом III-ші орын: Абдрали Азамат, Равиль Азамат, Таласпаев Бақдәулет. Алғыс хатпен: Юркова Анастасия, Көшкінбай Дініслам марапатталды. Интеллектуалдық ойынның мақсаты:

- Қазақстан тарихы, Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 33

жылдығы, Жамбыл облысына 85 жыл, танымал есімдер, тарихи орындар және өнеркәсібі мен шаруашылығы, экономикалық дамуындағы жетістіктерін насихаттау;

Ойын қатысушыларына 1 қабатта «Тұлғаны тану» ойыны ойнатылып, дұрыс жауабын тапқандарға сыйлықтар берілді.

Жауапты: №1 әлеуметтік-экономикалық, жалпы білім беру және жалпы ізгілендіру пәндері ЦӘҚоқытушылары.

13.12.2024 ж. №1 әлеуметтік – экономикалық жалпы білім беру және жалпы ізгілендіру пәндері циклдық әдістемелік комиссиясының ұлттық бірегейлік құндылық бағытында, Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігіне 33 - жыл толуына байланысты, ЦӘҚ апталығы аясында «Тәуелсіздік – теңдесі жоқ байлығым!» тақырыбында ашық тәрбие сағаты «Мейіргер ісі» бөлімі 101, 102 топ студенттерімен өтті. Тәрбие сағатының мақсаты: халқымыздың тарихын, рухани құндылығын, еліміздің жетістіктерін студенттерге таныстыру. Болашақ ұрпақтың рухани тұлғалық және адамгершілік құндылықтарын дамыту. Жауапты оқытушы: Иманалиева Гаухар Жанатовна.

4 | ҮЙІРМЕ ЖҰМЫСЫ



04.12.2024 ж. Жамбыл жоғары медициналық колледжінде «Галелио» үйірмесі «Жоғары жүйке қызметі, адам ағзасындағы күрделі психикалық іс-әрекеттер» тақырыбында оның ішінде «Ғаламтор, әлеуметтік желі адамның жүйке жүйесіне тигізетін әсері қандай?» тақырыбында үйірме отырысы өткізілді.

Үйірме отырысының мақсаты: студенттерге ғаламтор және әлеуметтік желі адамның жүйке жүйесіне тигізетін әсеріне ақпараттық коммуникациялық технологиялардың пайдасы мен зияны туралы жан-жақты ақпарат беру. Үйірме жетекшісі: Чинаилова К.О. Бөлімі: «Емдеу ісі», «Мейіргер ісі». Қатысқан топтар: 108М-9/24, 106М-9/24, 217ЕФ-9/23.